

GTAMP 16.21.47

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ СЕЗІМ ЛЕКСИКАСЫ

С.А. САДЫҚОВА [0000-0003-3825-7680], Ж.Б. УСПАНОВА [0000-0002-4300-1180] *

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

*e-mail: zhanuspanova@mail.ru

Аңдатпа. Берілген мақала сезім феноменін зерттей келе, оның тұлғаның тілдік аспектісіндегі көрінісін суреттейді және осы қолданыс барысында жүзеге асатын процестерді саралайды. Сезім аспектісінің әдеби шығармаларда кездесетін түрлеріне анализ жасалынады. Сонымен қатар, сезімнің тілде бейнеленудегі лингвистикалық сипаты айқындалған, қазақ және ағылшын тілдеріндегі айырмашылықтары мен ұқсастықтарына тоқталған, сезім құбылыс ретінде сапалық белгілеріне қарай топтастырылып, оларды білдірудің тілдік құралдары анықталған. Түрлі жанрадағы мәтіндер тіл тұрғысынан талданып, сезімді білдіретін мағыналарға талдау жасалынған. Сезім құбылысын тіл білімінің бүгінгі даму деңгейі тұрғысынан саралап, адам факторының тілдегі көрінісі секілді өзекті мәселелерді қозғайды. Тілдің қызметтерін оның сезім білдірушілік қызметімен бірлікте қарастырады, тілдің осы мақсатта жалпы құрал ретіндегі мәнін жан-жақты ашады. Адамның дүниетанымы, түрлі сезімдік күйі, көркемдік әлемі және ұлттық болмысының тілдегі көрінісін айқындайды. Тіл білімінде сезімдерді білдіретін тілдік құбылыстарды зерттеудің өзіндік қиыншылықтары мен проблемаларын зерттеп, олардың негізгілерінің ара-жігін ашады. Берілген зерттеу жұмысында қазақ және ағылшын тілдеріндегі сезімдерді білдіретін тілдік құрылымдардың мысалдары ұсынылған. Бұл құбылысты зерттеу жазушыларға, ақындарға, лингвисттер мен басқа да шығармашылық мамандарына сезім лексикасын тілге тиек етуде алғышарттық түсінік береді.

Түйін сөздер: сезім, құбылыс, лексика, тіл аспектісі, әдебиет, тіл жанрлары, сезімдер сипаты, эмоция.

Туыс және туыс емес тілдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын зерттеп анықтау мақсатында салыстырмалы тіл білімінде айрықша орын алатын сала тіл лексикасы болып табылады. Өйткені, дәл осы сала белгілі-бір тілдің, ол тіл қолданысқа ие халық тобының әлемдік бейнесін қалыптастыратын құралдардың бірі болып табылады. Әдетте осындай зерттеулердің барысында тілдің жалпы және ерекше арнайы қасиеттері айқындалады. Лексикалық бірліктердің мағыналары адамға және оның болмысына бағыттала отырып, осылайша, тілдік құрылымға өзіндік сипат береді.

Бірнеше ғылым түрлерінің қосындысы болып табылатын тіл лексикасы ғылымының зерттеу саласының бірі болып адамдардың сезім білдірудегі әрекеті саналады. Салыстыруларды жүзеге асырудың негізінде адам сезімдерін «*махаббат-жек көру*», «*қуаныш-қайғы*», «*ашу-мейірім*», «*достық-өшпенділік*» секілді қос қарама-қайшылықтарға жүйелеп реттеуге мүмкіндік беретін механизм жатыр. Мұндай семантикалық антонимиялар жалпы адамзатқа тән белгілерге ғана емес, сонымен қатар нақты ұлтқа ғана тән, менталитет,

дүниетаным және әлемге деген көзқарас секілді факторлармен шартталған логикалық қарама-қайшылықтардың белгісі болып табылады.

Тіл мен сезімнің арақатынасын қарастыра отырып, бұл құбылыстардың бөлек немесе бір-біріне тәуелсіз емес екендігін, адамның тікелей қатысуынсыз жүрмейтіндігін ұмытпауымыз керек. Қоршаған әлемді тану сезімнен және адам санасында сәулеленетін сезіну арқылы объективті шындыққа қатысты әрекеттерден басталады. Әлемді тану құралының бірі сезіну болса, тіл адамзат тілін материализациялайтын құрал болып табылады. Бар мәселе адам қоршаған ортаны қалай сезінетіндігінде, олардың бір-бірімен әрекеттесуі қалай жүзеге асатындығында және тілде ең алдымен не бектілетіндігінде. Қазіргі уақытта осы сұрақтардың өзектілігі артуда және өз шешімін табуы талап етеді.

Өмір сүру барысында адам түрлі сезімдерді басынан кешіреді, сол сезімдерді арнайы сөздермен атайды және мағына береді. Бұл сезімдердің аттарын неше түрлі белгілер мен қалыптарға айналдыру ана тілінің әсерімен орын алады. В.фон Гумбольдтың айтуынша: «Әр түрлі тілдер бір нәрсенің әртүрлі жолдармен айтылуы емес, сол нәрсені әртүрлі сезінуінде» болып табылады [1]. Бұл дегеніміз, белгілі-бір тілге тән сезімдер бейнесі бір жағынан алғанда әмбебап, ал келесі бір жағынан алғанда, ұлтқа тән арнайы қасиеттерге ие: әр халық сезімдерді белгілі-бір дәрежеде өздігінше, өз ана тілінің призмасынан сезінеді.

Мысалы, ағылшын тіліндегі махаббат сезімімен ұштасатын Ромео мен Джульетта образдары болса, қазақ тілінде махаббат, сүю, адалдық секілді сезімдер белгілі шығыс фольклор өкілдері Ләйлі мен Мәжнүннің образы арқылы дәріптеледі. *Екеуінің бір-біріне деген сезімі Ләйлі-Мәжнүндей болды. (Батырлар жыры)*[3]. Көріп отырғанымыздай, сезімдерді тарихта есімдері белгілі тұлғалар мен образдар арқылы бейнелеу ағылшын тіліне де тән құбылыс. Оған тағы бір дәлел ретінде *Laugh like little Audrey* «кішкентай Одри секілді шаттану» деп қиын жағдайда бола тұрып, мойымай, шын жүрегімен күлу мысалын келтіріп өтуге болады.

Сонымен қатар, екі тілдің де мәдени аумағында бірдей стереотипті бейнелер қолданылады. Мысалы, ағылшынның *to lead cat and dog life* деген тұрақты тіркесі қазақ тілінің *ит пен мысықтай араздық* сезіміне эквивалентті түрде кең қолданысқа ие және белгілі-бір адамдардың арасындағы өшпенділік, араздастық сезімдерін білдіреді. Бұл сияқты стереотипті бейнелердің екі тілде де болуы бірнеше факторларға байланысты: біріншіден діни мәтіндердің болуы (Құран Кәрім, Библия) ал екіншіден, мифологиялық ой-сана.

Екі тілде де арыстан бейнесі арқылы Құдайға ғана тән ұлы сезімдер, асқан батырлық, ашу-ыза бейнеленген. Бұл секілді сезімдер қазақ халқының жырлары мен ертегілерінде көптеп кездеседі. Ағылшын тілінде Библия мәтінінде *«The first was like a lion, and had eagles wings. I beheld till the wings there of were plucked, and it was lifted up from the earth, and made,*

*stand upon the but as a man, and a man's heart was given to it» [7] — «Алғашқысы – арыстандай, көріп тұрғанымыздай қанатты, және бойындағы алай-дүлей сезімдерге қарамастан жерден тіке екі аяғына адам секілді тұрды және оған адамға тән жүрек берілді» - деп бейнеленсе, қазақ тіліндегі туындыларда *арыстаниша ақыру «to roar like a lion», - деп айтылатын тұстары өте көп.**

Ал сезім лексикасының тілдегі құрылымын морфологиялық және синтаксикалық тұрғыдан алып қарасақ, А.А.Уфимцеваның пікірі бойынша, сезімдер мен эмоциялар бірлігі категориялық лексикалық түбір сөз есебінде орын ала отырып, анықтаушы қызметін де атқарады. Ол «сезім туралы түсінік + қандай да бір нақты сезімнің аталуы» секілді үлгі бойынша құралады: мысалы, қорқыныш – үрку, қауіптену сезімі, сүю – біреуге аса қатты тартылыс күшін сезіну.

Аталған үлгінің бірінші құрамдас бөлігі – сезімнің ең басты көрсеткіші және ол А.А.Уфимцеваның түсінігінде бірінші дәрежелі көрсеткіш болып табылады. Әдетте ол «*сезу - feel», «басынан кешіру - experience»* тәріздес жалпы мағынадағы сөздермен белгіленеді. Екінші құрамдас бөлігі болып табылатын сезімталдылықтың екінші қосымша дәрежесінің көрсеткіші көбінесе «*махаббат – love, қорқыныш - scare/fear, жек көру - hatred»* сияқты сезімдердің нақты атауларымен алмастырылады [5]. Осылайша, сезімнің жіктелімі және лексикалық түбірі жалпы және нақты атаулардың бірігуі арқылы жүзеге асады.

Көркем әдебиеттегі сезім лексикасын қолдана отырып, жүйелі оқиға сабақтастырудың бір мысалы, ол - Ф.О'Коннордың «Аян» әңгімесінен алынған эпизод. Бұл оқиға Мэри атты пациенттің басқа пациенттердің біріне - фермер ханым Турпинге дәрігерге қаралу үшін кезек күткендегі ашу сезімінің пайда болуы мен жүзеге асуын сипаттайды. Сезімнің объектісі - бұл фермер - тәкаппар нәсілшіл, ал ашулану сезімінің себебі - оның шектен тыс ерсі әңгімешілдігінің арқасында ашылған сырт көзге сыйластық болып көрінетін жалған әдептілігі мен тәкаппарлық, нарциссизм мен тақуалық, екіжүзділік арасындағы қарама-қайшылық.

Бұл туындыда сөйлеу әрекетін адамдар эмоционалды түрде бастан кешіреді және бұл олардың сөйлеу стилінен көрініс табады. Қарастырылып отырған мысалда бұл Мэридің ауызекі сөйлеу арқылы эмоциялық шабуылында көрсетілген: «*Go back to hell where you came from, you old wart hog!*» [6], және сәйкесінше миссис Терпиннің сезімге толы реакциясында да орын алады: «*I'm not», she said tearfully, «a wart hog, from hell». The tears dried. Her eyes began to burn instead with wrath* [6, 1906]. Ол мұндай қорлауды ұзақ және өте қатал түрде бастан өткерді: түнде ол бұл қоғамдық қорлаудан ұйықтай алмады, таңертең ол негр жұмысшыларына олардың жанашырлығын іздеп, шағымданды, содан кейін шошқа фермасына барып, өзінің қаншалықты кәрі шошқаға ұқсас екендігіне көз жеткізу үшін барды «*How am I a hog? Exactly how I as like them?* » [6].

Қазақ тіліндегі туындылардан мысал ретінде алар болсақ, А.Нұрмановтың «Солай болған екен» повестінде келесі үзіндіде: «– *Сұрақ қоюға бола ма, Жаппароваға, – деп бетінің ұшы үсіп қарайған тонды сары кісі қорбаңдап орнынан тұрды, – күйеуің салынып ішуші ме еді, әлде кезіккенде ме?*

– *Жоқ, жігіттер, сендер сұрақтың мәнісін түсінбей тұрсыңдар. Осы күні ішпейтін адам бар ма. Мен ол жігітті түзететіндей жағдай жоқ па еді, соның басын ашып алайын деп едім де.*

Бұл полилогта екі эмотивтен бөлек («салынып ішу») («салу» – put, «ішу» – drink) – drink heavily, «басын ашу» («бас» – head, «ашу» – open) – clear up, басқа сөздік қоры жалпы қолданыстағы лексика болып табылады», – деп жазады [4]. Демек, коммуникативті акт теориясы тұрғысынан келгенде сөйлеуші «салынып ішу» тіркесін қолдану арқылы, өзінің жағымсыз эмоциясын, жаратпаушылығын қоса білдіріп отырғандығы белгілі болады.

Эмоционалды қарым-қатынаста коммуникаторлардың сезімдерін вербализациялаудың үш түрі бар. Біріншіден, сөйлеуші сезімдердің буын босату үшін эмоциялардың бүкіл тобын босата алады. Екіншіден, сөйлеуші сол сәтте бастан өткеріп отырған сезімдерді білдіру үшін дұрыс сөзді бірден таба алмауы немесе мүлде таба алмауы мүмкін. Бұл, ең алдымен, ашулану немесе таңдану тобының ең күшті эмоцияларына қатысты. Мысалы: *"I shall hate you till I die, you cad - you lowdown - "What was the word she wanted? She could not think of any word bad enough".* [8].

Егер сезімдерді білдіру мағынасының лексикалық көрінісін ескеретін болсақ, онда иерархияның шыңын «сүйіспеншілік – ұнатпау», «қуаныш – қайғы» деген мағыналық қарама-қарсылықтар алып жатқанын атап өтуге болады. Бұл мағыналық оппозиция ғаламдық сипатта болады, өйткені ол әлем халықтары үшін әмбебап негізгі семантикалық қарама-қарсылықтардың жиынтығына кіреді. Мүмкін кейбір басқа сезім мағыналарын (қайғы, мейірімділік, ашуланшақтық, қорқыныш, ұят және т.б.) олардың ағылшын және қазақ тілдерінде кең бейнеленуін ескере отырып, әмбебап деп жіктеуге болады.

Үшіншіден, анықтауыш сөздер сезімнің мәнін білдіреді, ал оны нақтылайтын дифференциалды семантикалық ерекшеліктер оның қасиеттерін анықтайды. Әр түрлі үйлесімде ғана олар әр түрлі эмоцияларды жеткізеді. Мысалы, қайғы-мұңды келесідей сөздермен белгілеу: *қайғы – sadness, депрессия – depression, меланхолия – melancholy.*

Сезім білдірудің дифференциалды түбір сөздері осы түбір сөздер тобының басқа өкілдерінен түбегейлі ерекшеленеді: онда белгілеуге арналған, категориялық-лексикалық түбір сөздерді қамтитын ақпарат түрі бар. Өзінің мазмұны бойынша денотативті түзету бойынша (сезімді белгілеу) бұл сөздік анықтамаларын түрлендіру арқылы оңай дәлелденетін түбір сөз. Мысалы, қазақ тілінде *таптау – біреуді, бір нәрсені таптау, біреуді басу (менсінбей)*

~ *біреуді, бір нәрсені аяққа таптап, бір уақытта менсінбеушілікті сезіну* болса, ағылшын тілінде дәл осы сезім күйі келесідей беріледі: *trample - trample someone, something, step on someone (with contempt) ~ trample someone, something and feel contempt at the same time*. Сөздің түбірлік құрылымындағы орны және функциясы жағынан ол категориялық-лексикалық сөздерге тәуелді және оны әр түрлі семантикалық өлшемдерде нақтылайтын дифференциалды сөздер болып табылады. Осылайша, денотативті-предикативті және функционалды-позициялық мағыналардың үйлесуі, қабаттасуы бар, мысалы: *әзіл - көңілді сөйлесу // joke around – to talk cheerly*, мұнда сезімнің дифференциалды түбірі күрделі мағынаны білдіреді: 1) белгілі бір эмоционалды жағдай (көңілді) - денотативті-предикативті мағына; 2) белгілі бір синтаксистік мағынаны (жағдайды сипаттайтын) - позициялық-функционалдық мағынаны білдіреді. Сонымен, сезімдердің дифференциалды түбір сөздері - бұл анықтайтын предикат пен дифференциалдық түбірлер арасындағы өтпелі позицияны алатын табиғаты бойынша синкреттік, ерекше сөздер болып табылады[2].

Сезімдерді білдіретін мағыналар логикалық-объективті мағынадан тыс болады. Коннотация мамандары бұл типтегі сезім білдіретін мағыналарды, ең алдымен, сөйлеушінің эмоционалды өзін-өзі көрсету жазықтығында жатқанын, оның эмоционалды күйі мен эмоционалды қатынасын (эмоционалды-экспрессивті) ашатындығын ескере отырып, тілдің экспрессивтік қызметімен байланыстырады. Осыған байланысты лексикалық мағыналар, соның ішінде осы түрдегі эмоционалды мағыналар эмоционалды боялған немесе бағалау-экспрессивті болып саналады. Қарастырылып отырған лексика номинация процесінің екі бағытты сипатын ашады: іштей (сөйлеушінің өзін-өзі көрсетуі) және қоршаған әлемде (оны эмоционалды бағалау). Белгіленген шындық объектісіне көрсетілген эмоционалды қатынас ең алдымен «менсінбеу - contempt», «немқұрайды қарау - disregard», «айыптау - blame» немесе «рахаттану - enjoy», «таңдану – surprise» және т.с.с. сияқты сезімдер мен қатынастарға байланысты. Көрсетілген сезімдер жиынтығы бастапқы негізгі эмоциялармен шектеледі, мақұлдау / мақұлдамау жазықтықтарында әр түрлі болады.

Қорытындылай келе, әр тілге тән сезім параметрлерін қалыптастыруға тіл, табиғат, өмір сүру салты және басқа да әлеуметтік алғышарттар әсер етеді. Осы аталған алғышарттар ағылшын және қазақ тілдеріндегі салыстырулардың жүзеге асу тұрақтылығының пайда болуына түрткі болып табылады. Зерттеушілердің пікірлеріне сүйенсек, « сезім құбылысына байланысты сөздер ең алдымен сол халықтың мәдениетінің құрылымына бағытталады». Олай болса, сезімге қатысты лексикалық бірліктер тұлғалардың ұлттық-мәдени және әлеуметтік бейнесінің айнасы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Алпатов В.М. История лингвистических учений / В.М. Алпатов. – Москва, 1999. – 200 с.
2. Выготский Л.С. Мышление и речь. Избранные психологические исследования. / Л.С. Выготский. – Москва.: АПН РСФСР, 1956. – 53 с.
3. Сәкен С.И., Сәрсек Н.Ә. Дала фольклорының антологиясы: Он томдық / Сәкен С.И., Сәрсек Н.Ә. – Алматы: Brand Book, Т.2., 2019. – 572 б.
4. Нұрманов А. Солай болған екен. / А.Нұрманов – Алматы: Раритет, 2005. – 224 б.
5. Уфимцева А.А. Двойственность природы речезыковой способности человека / А.А. Уфимцева // Психологический журнал. 2004. – № 2.С – 5–16.
6. О’Коннор Ф. Хорошего человека найти нелегко: Рассказы. М.: Прогресс, 1974. – 361с.
7. Godden M. «Biblical Literature The Old Testament». The Cambridge Companion to Old English Literature. Cambridge University Press, 2013.

References

1. Alpatov V.M. (1999). The history of linguistic studies.
2. Vygotskyi L.S. (1956). Myshlenie i rech. Izbrannie psikhologicheskie issledovaniya. – Mos
3. Saken S.I., Sarsek N.A. (2019) Dala folklorynin antologyiasi: On tomdyk. – Almaty: Brand Book, T.2.
4. Nurmanov A. (2005) Solai bolgan eken. Almaty: Raritet.
5. Ufimtseva A.A. (2004) Dvoistvennost prirody recheyazikovoi sposobnosti cheloveka. Psikhologicheskyi zhurnal. – № 2.P – 5–16.
6. O’Connor F. (1974) A Good Man Is Hard to Find: Short Stories. M.: Progress.
7. Godden M. (2013) «Biblical Literature The Old Testament». The Cambridge Companion to Old English Literature. Cambridge University Press.

ЛЕКСИКА ЧУВСТВ В АНГЛИЙСКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ

С.А. САДЫКОВА, Ж.Б. УСПАНОВА*

Актыбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актобе, Казахстан

*e-mail: zhanuspanova@mail.ru

Аннотация. Данная статья описывает отображение феномена чувств в языковом аспекте личности, изучая его и анализируя процессы, происходящие в процессе использования. Производится анализ видов чувств, встречающихся в художественной литературе. Кроме того, определяется лингвистическая природа выражения чувств на языке, подчеркиваются различия и сходства в казахском и английском языках. Чувства как явления сгруппированы по их качественным признакам и лингвистическим средствам их выражения. Тексты разных жанров анализируются с точки зрения языкового и эмоционального смысла. Анализирует феномен выражения чувств с точки зрения современного уровня развития лингвистики и затрагивает такие актуальные вопросы, как проявление человеческого фактора в языке. Рассматривает функции языка в сочетании с его сенсорными функциями, всесторонне раскрывает значение языка как общего инструмента для этой цели. Определяет мировоззрение человека, различные эмоциональные состояния, мир искусства и язык национальной идентичности. Изучает особенности и проблемы исследования языковых явлений в лингвистике, выражающих чувства, выявляет взаимосвязь между их основными понятиями. В изучении данного явления дается первостепенное понимание при затрагивании лексики чувств писателями, поэтами, лингвистами и другими художественными деятелями.

Ключевые слова: чувства, явление, лексика, языковые аспекты, литература, языковые жанры, сущность чувства, эмоция.

THE VOCABULARY OF FEELINGS IN KAZAKH AND ENGLISH LANGUAGES

S.A. SADYKOVA, ZH.B. USPANOVA*

K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

*e-mail: zhanuspanova@mail.ru

Abstract. The given article describes the phenomena of feelings in the aspect of a language, studying it and analyzing the processes which take place during the usage of it. The analysis of the aspect of feelings is made which can be met in the literary works. In addition, the linguistic nature of the expression of feelings in the language is defined, the differences and similarities in the Kazakh and English languages are emphasized. Feelings as a phenomenon are grouped according to their qualitative features and linguistic means of their expression are identified. Texts of different genres are analyzed in terms of language and emotional meanings. Analyzes the phenomenon of emotions in terms of the current level of development of linguistics and addresses topical issues such as the manifestation of the human factor in language. Considers the functions of language in conjunction with its sensory functions, comprehensively reveals the meaning of language as a general tool for this purpose. It defines a person's worldview, different emotional states, the world of art and the language of national identity. The research also mentions the study of the peculiarities and problems of the study of linguistic phenomena that express feelings, reveals the relationship between their main notions. The article also presents the understanding of the vocabulary of feelings when used by writers, poets, linguists and other literary specialists.

Key words: feeling, phenomena, lexis, language aspects, literature, language genres, notion of feelings, emotion.